өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.**

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:**

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Халықаралық газ транзитінің төмендеу тәуекелі

Тәуекел факторлары: халықаралық газ транзиті көлемінің азаюы.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: ҚР арқылы газ транзиті көлемінің азаюы, газ тасымалдаудан түсетін кірістің азаюы.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: «Газпром» ЖАҚ-пен «ал немесе төле» шартын қолдана отырып, газ транзитіне шарт жасасу.

Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Газ экспортының төмендеу тәуекелі

Тәуекел факторлары: Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған және Жаңажол кен орындарынан газ жеткізу көлемінің азаюы.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: ішкі нарықта газ тұтынудың ұлғаюы, газ экспорты көлемінің азаюы, газ тасымалдаудан түсетін кірістің азаюы, ішкі нарық тұтынушыларын мәжбүрлі түрде шектеу.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Бозой ЖАГҚ-да КС салу үшін ТЭН әзірлеу, Бозой ЖАГҚ-да 24 ұңғыманы бұрғылау, Ақыртөбе ЖАГҚ-да ГТТ салу үшін ТЭН әзірлеу.

Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Эмитент өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жекелей) пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат, қызметтер бағасының өзгеру тәуекелі.

Тәуекел факторлары: инфляция деңгейінің көтерілуі.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнының ұлғаюы.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Эмитенттің бизнес жоспарын қалыптастыру инфляцияны және шикізат, қызметтер бағасының жағымсыз өзгеруін ескере отырып жүзеге асырылады.

Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне (ішкі және сыртқы нарықтарға жекелей) бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Тәуекел факторлары: мемлекеттік органның өтемдік тарифті қолдануы.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістердің азаюы.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: ұзақ мерзімді шарттар жасасу, уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаны орындау.

Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Тәуекел факторлары: құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге байланысты міндеттемелердің болуы, инфляция.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: ағымдағы қарыздарға қызмет көрсету құнының қымбаттауы, «қымбат» мөлшерлеме бойынша «жаңа» қарыздық қаржыландыруды тарту.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: банктермен пайыздық мөлшерлемені қайта қарау бойынша келіссөздер жүргізу, ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру, пайыздық позицияны және ТБИ болжамдарын мониторингтеу.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Валюталық тәуекел

Тәуекел факторлары: валюталық позицияның болуы, елеусіз валюталық ақша ағындарының болуы, теңгенің шетел валюталарына бағамының әлсіреуі жөніндегі болжамдар.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: бағамдық айырмашылықтардан болған залалдар.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: оң валюталық позицияны ұстап тұру (валюталық активтер валюталық міндеттемелерден асып түседі).

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің тепе-теңсіздігі (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде атқаруының күтпеген қажеттілігі туындауының нәтижесінде туындайтын эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің залалдарының туындауына байланысты тәуекелдер.

Кредиттік тәуекел

Тәуекел факторлары: контрагент-банктерге кредиттік тәуекел, сауда және басқа дебиторлық берешек (90 + күн).

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: өтімділікті жоғалту, қаржы құралдары бойынша құнсыздануды тану, өтімділік тәуекелін іске асыру.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: ақшаны басқару және банктерге лимиттер белгілеу саласындағы Самұрық-Қазына лимиттерін және Самұрық-Қазына корпоративтік стандарттарын сақтау, қаржы құралдарына УБАҚ инвестициялау жөніндегі қағидаларға сәйкес бос ақша қаражатын орналастыру, контрагент-банктердің рейтингтерін мониторингтеу, ай сайынғы негізде банк саласындағы ахуал, мерзімі өткен сауда және өзге де дебиторлық берешекті өндіріп алу.

Тәуекелді бағалау: үлкен. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Өтімділік тәуекелі

Тәуекел факторлары: нәтижесінде өтімділіктің жеткіліксіз деңгейі туындайтын өндірістік бағдарламаның орындалмауы.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: айналым капиталын қаржыландырудағы проблемалар, қарыздарға қызмет көрсетудегі қиындықтар, қарыз капиталына қызмет көрсету бойынша жоспарланбаған шығыстардан болған залалдар.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Кассалық алшақтықты уақтылы анықтау үшін ақша

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қаражаты қозғалысының болжамын қалыптастыру, Қоғамның дебиторлық берешегін өтеу бойынша жұмыстар жүргізу, акционерлік капиталды тарту, Жалғыз акционерден қаржылық көмек тарту, қажет болған жағдайда қарыз капиталын тарту.

Тәуекелді бағалау: үлкен. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Тәуекел факторлары: құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге байланысты міндеттемелердің болуы, инфляция.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: ағымдағы қарыздарға қызмет көрсету құнының қымбаттауы, «қымбат» мөлшерлеме бойынша «жаңа» қарыздық қаржыландыруды тарту.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: банктермен пайыздық мөлшерлемені қайта қарау бойынша келіссөздер жүргізу, ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру, пайыздық позицияны және ТБИ болжамдарын мониторингтеу.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Валюталық тәуекел

Тәуекел факторлары: валюталық позицияның болуы, елеусіз валюталық ақша ағындарының болуы, теңгенің шетел валюталарына бағамының әлсіреуі жөніндегі болжамдар.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: бағамдық айырмашылықтардан болған залалдар.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: оң валюталық позицияны ұстап тұру (валюталық активтер валюталық міндеттемелерден асып түседі).

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Заңнаманы және ішкі құқықтық және нормативтік актілерді бұзу тәуекелі

Тәуекел факторлары: Қоғамның қызметіне әсер ететін ҚР заңнамалық талаптарына жағымсыз өзгерістер / бұзушылықтар.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: әкімшілік жауапкершілік, айыппұл салу.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Қоғамның қызметіне әсер ететін заңнамаға енгізілетін өзгерістерді тұрақты мониторингтеу, Қоғамның қызметіне әсер ететін заңнамалық талаптарды әзірлеу бойынша Қоғамның әртүрлі жұмыс топтарына қатысуы, қажет болған жағдайда сотқа дейінгі және сот тәртібімен Қоғамның мүдделерін қорғау, Қоғамның шаруашылық қызметі барысында заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыру және заңдық қорытынды дайындау.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Сыртқы факторлар бойынша салық тәуекелдері

Тәуекел факторлары: контрагенттермен (өнім берушілермен) байланысты тәуекелдер, құқық қолдану және салық заңнамасын түсіндірумен байланысты тәуекелдер, салық заңнамасының немесе практиканың ықтимал өзгеру тәуекелдері.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: бюджеттен қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларын растамау, өсімақысын есептей отырып, бюджеттен бұрын өтелген ҚҚС сомаларын бюджетке қайтару, салық төлемдері мен аударымдарды ұлғайту.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: контрагенттерді таңдау және олармен жұмыс істеу кезінде шаруашылық операциялардың тиісті байқампаздығы мен шынайылығын көрсету,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



контрагенттердің сенімділігін тексеру, шарттарды мониторингтеу, салық заңнамасының өзгерістерін мониторингтеу.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Эмитент іскерлік беделге және контрагенттермен, серіктестермен және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынасқа әсер ететін бедел тәуекеліне бейім. Бұл тәуекелді іске асыру ішкі және сыртқы факторлардан, оның ішінде заңнама талаптарын сақтамаудан, БАҚ-тағы жарияланымдардан туындауы мүмкін, бұл ретте Қоғамның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер анықталған жоқ.

Эмитенттің ұйымдық құрылымында жеке бөлімше – Компанияның мақсаттарын мониторингтеу, өзара іс-қимыл жасау және ілгерілету жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын Баспасөз хатшысы бар.

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға 100% тиесілі. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Жалғыз акционері болып табылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Эмитенттің жалғыз акционері бола отырып, оның бюджетін, қарыз алу туралы шешімдерді, инвестициялық және дивидендтік саясатын бекітеді, Эмитенттің қызметіне мұқият мониторингті жүзеге асырады.

Эмитент газ тасымалдау саласындағы ҚР Ұлттық операторы болып табылады және монополиялық жағдайға ие.

Стратегиялық тәуекел бағалауы аз.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы.

Қоғам өзінің операциялық қызметін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарынан Заңнамада белгіленген тәртіпте алынған лицензиялар мен рұқсат құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. «ИОА» АҚ лицензиялық келісімдердің талаптарын сақтайды, лицензияларды алу, күшінде ұстау және лицензияларды тоқтата тұру және кері қайтарып алу ықтималдығын азайту үшін барлық қажетті әрекеттерді жасайды.

Ресейлік табиғи газды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауды ұйымдастыру ұзақ мерзімді келісімшарттарға, сондай-ақ «тасымалда немесе төле» қағидатын сақтауға негізделген, бұл халықаралық газ транзиті көлемдерінің азаю тәуекелдерін барынша

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



төмендетуге мүмкіндік беретін маңызды факторлар болып табылады.

Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ, сондықтан қарыздар бойынша жауапкершілік тәуекелі де жоқ.

Эмитенттің жалғыз акционері болып табылатын «QazaqGaz» ҰК» АҚ тартқан қарыздар бойынша Эмитент кепілгер болады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ қаржылық жағдайын және Самұрық-Қазына қорының ықтимал қолдауын ескере отырып, қажет болған жағдайда үшінші тұлғалардың борыштары бойынша ықтимал жауапкершілік тәуекелі төмен.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды.

Тәуекел факторы: АҚШ, ЕО және басқа елдерден ресейлік компанияларға қатысты шектеу шараларының енгізілуі.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: заңды санкциялық тұлғалармен шарттарды бұзу, халықаралық газ транзитінен түсетін кірістерді азайту.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Қоғам санкциялардың әсерін өз қызметінде ескереді және теріс әсерлерді азайту үшін олардың мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Осы тәуекел шеңберіндегі бағалау: басымдығы жоғары сыни тәуекел.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Авариялар, төтенше жағдайлар тәуекелдері

Тәуекел факторлары: газ тасымалдау инфрақұрылымының физикалық тозуы, сапасыз және мерзімінен кешіктіріп жөндеу, техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын сапасыз орындау.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: авариялар, штаттан тыс жағдайлар, газ тасымалдауды тоқтата тұру, халықаралық және экспорттық газ тасымалдаудың шарттық міндеттемелерін бұзу.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: ГТЖ объектілерін жөндеу және қызмет көрсету режимінің жоспарын сақтау, МГҚ диагностикалық тексерулер жүргізу, күрделі жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді уақтылы орындау, реконструкция мен жаңартуды жүргізу, Қоғамның мүліктік мүдделерін сақтандыруды ұйымдастыру.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Жазатайым оқиға және өндірістік жарақат алу тәуекелі.

Тәуекел факторлары: қауіпті еңбек жағдайларының болуы, авариялар мен штаттан тыс жағдайларды іске асыру, үшінші тараптың кінәсі, зардап шеккендердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын бұзуы, персоналдың тәуекелдері.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: қызметкердің денсаулығына зиян келтіру, дене зақымданулары (жарақаттар), өлімге әкелу.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Қоғамда Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі енгізілді және жұмыс істейді, бұл жүйе Қоғам менеджментінің интеграцияланған жүйесінің бөлігі болып табылады, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мақсаттарға қол жеткізу және міндеттемелерді орындау үшін әзірленді және енгізілді. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жазатайым оқиғалардан сақтандыруды ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттар өзектендіріледі және енгізіледі.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Ақпараттық технологиялардың тәуекелдері

Тәуекел факторлары: жұмыс істеп тұрған жабдықтың істен шығуы/жоғалуы, деректерді резервтік көшіру жүйесіндегі жұмыстың іркілістері, байқаусызда физикалық зақымдану (өрт, су басу), қасақана физикалық зақымдану (ұрлау, жою), өндіруші тарапынан қолдаудың болмауы, виртуалдандыру жүйесінің, сервер конфигурациясының жұмысындағы іркілістер, деректерді беру арналарының жоғалуы, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: АТ- жүйелеріне тәуелді Қоғам қызметіндегі үзілістер, АЖ мен байланыстың қолжетімсіздігі, ақпараттың жоғалуы, жаңа жабдықты сатып алу қажеттілігі, бедел және әкімшілік тәуекелдер, осалдықты пайдалану (бағдарламалық, аппараттық), лицензиясыз БҚ пайдаланғаны үшін айыппұлдар.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: жабдықты әкімшілендіру және қызмет көрсету, АТ-инфрақұрылым мониторингі жүйесін сүйемелдеу, жабдықты ауыстыру/сатып алу (қажет болған жағдайда), лицензияларды басқару, резервтік көшіру жүйесінің жұмысқа қабілеттігін қамтамасыз ету және бақылау, резервтік байланыс арналарының болуы, БҚ, аппараттық және бағдарламалық құралдардың патчтарын жаңарту, бағдарламалық және аппараттық желіаралық экрандарды қолдану.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Кибертәуекелдер

Тәуекел факторлары: ақпараттық-коммуникациялық жүйеге оның тұтастығын, қол жетімділігі мен құпиялылығын бұзу мақсатында қасақана әсер ету, бопсалау бағдарламаларының шабуылдары (Ransomware), фишингтік шабуылдар, жеткізу тізбегіне шабуылдар, әлеуметтік инженерия, құпия ақпараттың шығып кету тәуекелі, АТ- ресурстарын заңсыз жасырын пайдалану тәуекелі (ботнеттер), қызметкерлердің киберқауіпсіздік туралы хабарсыз болуы.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: құпия ақпараттың шығып кетуі, бедел мен қаржы ысыраптары, құрылғыларды бұғаттау немесе оның мазмұнын шифрлау, деректерге қолжетімділікті қалпына келтіру үшін өтеуін төлеп алу, АТ-инфрақұрылымын бұзу және өндірісті тоқтату. АТ- ресурстарының қолжетімсіздігі, лицензиясыз БҚ пайдаланғаны үшін айыппұлдар, құпия ақпаратқа қол жеткізу, зияткерлік меншікті ұрлау немесе жүйені бұзу, АҚ инциденттерінің болу тәуекелін арттыру.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: деректердің шығып кетуінен, инсайдерлік әрекеттерден (DLP) қорғауды қамтамасыз ететін жүйелерді әкімшілендіру және мониторингтеу, құпия деректерді тану тетіктерін іске асыру, АҚ (АҚЖО) оқиғаларын мониторингтеу мен басқарудың SIEM жүйесін енгізу, ДӨО физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, БҚ, аппараттық және бағдарламалық құралдардың патчтарын жаңарту, желінің периметрі бойынша бағдарламалық және аппараттық желіаралық экрандарды жаңарту және қолдану (NG Firewall), киберқауіпсіздік саласында бизнес-пайдаланушыларды үнемі оқыту және хабардар болуын арттыру, Қоғамның АҚБЖ жүйесіне жауаптыларды оқыту, кибершабуыл болған жағдайда шұғыл ден қою жоспарларын дайындау және тергеулер жүргізу, штабтық кибероқуларды (пентест, фишинг және т.б.) өткізу, АТ-инфрақұрылымын мониторингтеу.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды.

Экологиялық тәуекелдер

Тәуекел факторлары: ҚР Экологиялық кодексін өзгерту (ИОА-ны 2-ші санаттан 1-ші санатқа ауыстыру), әр объектіде қалдықтарды жинауға және бөлек жинауға, Филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қалдықтарын уақытша жинауға рұқсатсыз қызметті жүзеге асыру.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: әкімшілік айыппұлдар, ремедиация шаралары (экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның құрамдас бөлігін қалпына келтіру, қайта жаңғырту арқылы немесе егер экологиялық залал толық немесе ішінара жөнделмейтін болса,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.





табиғи ортаның осындай құрамдас бөлігін ауыстыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені).

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: Қоғамның ҚР ЭТРМ-мен ҚР Экологиялық Кодексі және нормативтік құжаттар бойынша өзара іс-қимылы, ҚРЭЖ сәйкес әсер етуге рұқсатты уақтылы алу, Қоғамда ISO 14001:2015 сәйкестігіне сертификатталған ЭМЖ енгізіліп, үнемі жетілдіріліп отырады, қажетті құжаттаманы алдын ала әзірлеу және уәкілетті органға беру, қалдықтарды құрайтын мердігерлік ұйымдарды бақылау, қалдықтарды тиеуден бастап лицензияланатын ұйымға жөнелтуге дейін дұрыс желіні жолға қою, қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті экологиялық сақтандыруды ұйымдастыру жүргізіледі.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

Табиғи апаттардың салдарынан болатын залал тәуекелі

Тәуекел факторлары: жер сілкінісі және су тасқыны сияқты форс-мажорлық ауа райы құбылыстары.

Ықтимал салдарлардың сипаттамасы: газ тасымалдау инфрақұрылымының зақымдануы, газ тасымалдауды тоқтата тұру немесе тоқтату, кірістің азаюы.

Әсер етудің алдын алу іс-шаралары: күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындық, көктемгі су тасқыны кезеңінде барлық газ тасымалдау жүйесінің объектілері мен жабдықтарын пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды өткізу, Қоғамның мүліктік мүдделерін сақтандыруды ұйымдастыру.

Тәуекелді бағалау: орташа. Тәуекелдің әсері алдын алу шараларын орындау арқылы азайды.

### **35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:**

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі.

2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, осындай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

35-тармақтың 1-тармақшасы бойынша Эмитент "QazaqGaz "ҰК" акционерлік қоғамының еншілес ұйымы болып табылатынын атап өтеміз. Сондай-ақ, эмитент Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының (бұдан әрі - ҚСҚ) мүшесі болып табылады.

ҚСҚ – салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салықтарды ерікті және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында олардың білім деңгейін арттыру үшін 2005 жылы құрылған коммерциялық емес ұйым.

Қауымдастық ҚСҚ мүшелерінен келіп түсетін салық салу саласындағы проблемалы мәселелерді, ұсыныстар мен ескертулерді жүйелейді және талдайды. Дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар және жұмыс топтары шеңберінде мүдделі министрліктер мен салық төлеушілер өкілдері арасындағы диалогтар, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар кешені жоспарлы жұмыстың нәтижелері болып табылады. Салық төлеушілерді түсінікті, ашық және әділ салық жүйесі, әділ салықтар, қоғамдық және мемлекеттік сектордың тиімділігі және ашық салық салу үшін күресте қолдауға арналған.

ҚСҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Шевченко к-сі, 165 б үй, «МТС Компани» БО, 503 офис. Тел/факс: +7 (727) 334-18-32. e-mail: ank@ank.kz.

Сонымен қатар, Эмитент «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің мүшесі болып табылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



«KAZENERGY» қауымдастығы 2005 жылғы 2 қарашада құрылды және Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін серпінді әрі орнықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға жәрдемдесуге арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының тәуелсіз ерікті коммерциялық емес бірлестігі болып табылады.

«KAZENERGY» қауымдастығы мұнай-газ және энергетика кешенінің 70-тен астам ірі ойыншыларын, оның ішінде өндіруші және көлік, сервистік және геофизикалық, уран өндіретін және басқа да трансұлттық компанияларды біріктіреді. Қауымдастықтың мүшелері аймақтық және салалық одақтар, қауымдастықтар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, кәсіпорындар және басқа да ұйымдар болуы мүмкін, олардың алға қойған мақсаттары:

-Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарын -Қауымдастық мүшелерін қолдауға және дамытуға жәрдемдесу;

-кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласында нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу;

- Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй, А блогы. Тел/факс: +7 (7172) 79 01 82, 79 01 71 e-mail: kense@kazenergy.com

Сонымен қатар, Эмитент «Қазақстан Республикасының инженер-энергетиктер одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі - Одақ) мүшесі болып табылады.

Одақ 1999 жылы құрылған және қоғамдық ұйым – заңды тұлғалар бірлестігі болып табылады, энергетика саласындағы қазақстандық ғылыми, жобалау және оқу институттарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергетикалық қызметтерін, өнеркәсіптік кәсіпорындарды энергиямен қамтамасыз ету мәселелерін шешу, өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергетикалық қызметтері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, Қазақстандағы энергетика саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен (НТК) кәсіпорындарды қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

Одақ тек Қазақстаннан ғана емес, жақын және алыс шет елдерден 185-ке жуық кәсіпорындар мен ұйымдарды біріктіреді. Одақтың мұндай саясаты бүгінгі Қазақстанның кәсіпорындардың энергетикалық қызметтері мен жалпы энергетика қажеттіліктері үшін жеткілікті дамыған жабдық өндірісінің жоқтығымен байланысты.

Одақ энергетиктер үшін әртүрлі энергетикалық тақырыптар бойынша семинарларды жиі (жылына 2-3 рет) өткізеді, онда тыңдаушылардың ой-өрісі мен біліктілігі артып қана қоймай, жаңа технологиялармен, жабдықтармен танысу жүзеге асырылады, сонымен қатар тәжірибе алмасады, энергия үнемдеу, энергия тиімділігі және Қазақстанның ресурс үнемдеу саласындағы проблемалық мәселелері көтеріледі.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Досмұхамедов к-сі, 89, 1 офис, «Каспий» БО. Тел: +7 (727) 292 20 29, +7 (727) 292 95 76. e-mail: souzenergetikov@mail.ru.

35-тармақтың 2-тармақшасы бойынша, Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне айтарлықтай тәуелді емес.

### **36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:**

*Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.*

### **37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

*Эмитент ешқандай ұйымдарда жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызын (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) иеленбейді.*

**38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:**

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары): Эмитент Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні: «BB+»  
Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:  
Толық атауы: Standard & Poor's Global Ratings  
Қысқартылған атауы: S&P Global Ratings  
Орналасқан жері: Астана қ., ғарышкерлер к-сі, 62 а үй  
Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі. Болжам "Тұрақты" 12.07.2024 ж.

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары): Эмитент Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні: «BB+»  
Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:  
Толық атауы: Fitch Ratings  
Қысқартылған атауы: Fitch Ratings  
Орналасқан жері: 30 Солтүстік Колоннейд, Лондон E14 5GN Ұлыбритания  
Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі. Болжам "Тұрақты" 08.02.2024 ж.

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары): Эмитент Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні: «Baa2»  
Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:  
Толық атауы: Moody's Investors Service  
Қысқартылған атауы: Moody's Investors Service  
Орналасқан жері: Упес Көшесі. 19-1, 08128 Вильнюс, Литва  
Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі. Болжам "Тұрақты" 13.02.2024 ж.

**39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

- 1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
- 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)): 2022 жылы Эмитентке «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық қызмет көрсетті - Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы - кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі (15.07.2005ж. МФЮ-2 № 0000003 серия лицензиясы). Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты. Аудитор-Әділ Сыздықов (2013 жылғы 23 желтоқсандағы №ҚМ-0000172 біліктілік куәлігі).

2023 жылы Эмитентке «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС аудиторлық қызмет көрсетті - Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы - кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі (21.10.1999 ж. МФЮ № 0000005 серия лицензиясы), Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 34, «А» ғимараты. Аудитор-Анель Алиаскарова (2020 жылғы 16 қазандағы №ҚМ-0001197 біліктілік куәлігі).

Аудитор аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымға тиесілі: Аудитор-Анель Алиаскарова (2020 жылғы 16 қазандағы №ҚМ-0001197 біліктілік куәлігі).

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 (777) 777-79-96

Факс нөмірі (бар болса):

Электрондық пошта мекенжайы (бар болса): rifat.kebirov@pwc.com

**43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары.**

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі: жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

*Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер интернет-ресурста орналастырылды қаржылық есептілік депозитарийінің құжаттары мемлекеттік қызметке ұсынылған күнге дейін облигациялар шығарылымын тіркеу (облигациялық бағдарлама).*


**44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.**

*Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.*

**45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.**

**46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.**

Уәкілетті тұлға



*(электрондық цифрлық қолтаңба)*

ТАСЫБАЕВ  
МУХИТОВИЧ  
*(тегі, аты, әкесінің аты)*

МАНАС

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

